KRONA

KRONAsteel I АСҮЙ АУА СОРҒЫШЫ

KAMILLA

KAMILLA power 600 inox 3P
KAMILLA 600 inox 3P (2 мотор)
KAMILLA 600 white 3P (2 мотор)
KAMILLA 600 dark glass (1 мотор)
KAMILLA 600 dark glass (2 мотор)
KAMILLA 600 inox (2 мотор)
KAMILLA 600 metalic (2 мотор)
KAMILLA 600 brown (1 мотор)
KAMILLA 600 brown/brown (2 мотор)
KAMILLA 600 black (2 мотор)
KAMILLA 600 white (2 мотор)
KAMILLA 600 wood (1 мотор)
KAMILLA 600 wood (2 мотор)
KAMILLA 600 black (1 мотор)
KAMILLA 600 inox (1 мотор)
KAMILLA 600 white (1 мотор)
KAMILLA 500 dark glass (1 мотор)
KAMILLA 500 inox
KAMILLA 500 metalic
KAMILLA 500 white
KAMILLA 500 black
KAMILLA 500 brown
KAMILLA 450 inox
KAMILLA 450 black
KAMILLA 450 white





KZ	**Қолдану жөніндегі нұсқаулық**
UK	Use and handling instructions
SPN	Instrucciones de uso y mantenimiento
GER	Gebrauchsanweisung und Wartung
FRA	Mode d'emploi et d'entretien
ITA	Instruzioni per l'uso e la manutenzione
POR	Instrucoes de uso e manutencao

4782073

8 495 797 85 46 Мәскеу өңірі үшін
8 800 700 85 46 РФ-ның басқа өңірлері үшін
www.krona.ru

KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel KRONAsteel

Аспаптың жасалған күні оның сериялық нөмірінде көрсетілген.
Аспаптың сериялық нөмірі ауа сорғышқа жапсырылған ішкі заттаңбада көрсетілген.
Сериялық нөмірдің шифрын ашу.



Сериялық нөмірдің мысалы:



Осы аспап 2010 жылдың ақпан айында жасалған.

KZ Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Құрметті сатып алушы!

Сізге «KRONAsteel» өнімін сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біздің бұйымымызға риза болуыңыз үшін бәрін жасауға тырыстық.

Біздің өніміз туралы қалдырған пікіріңіз біз үшін өте маңызды.

Сатып алған тауарыңыздың жұмысы, орындау сапасы және пайдалану ыңғайлылығы бойынша байқағандарыңызды info@krona.ru сайтына жіберсеңіз, риза болар едік.

МАЗМҰНЫ

Жиынтықталымы 2
Техникалық сипаттамалары 2
Кепілді қызмет көрсетілу құқығы 3
Пайдаланушы үшін 3
Маңызды ескертулер 3
Балалар қауіпсіздігі 3
Қауіпсіздік шаралары 4
Ауа сорғыштың сипаттамасы 5
Ауа сорғышты басқару 6
Kamilla 600 3P ауа сорғышының жұмыс режимдерін басқару 6
Kamilla 600/500/450 ауа сорғыштарының жұмыс режимдерін басқару 7
Ауа сорғышты пайдалану жөніндегі нұсқаулық 7
Ауа сорғышқа қызмет көрсету және күтім жасау 8
Ауа сорғышты орнату жөніндегі нұсқаулық 9
Электр желісіне қосу 11
Ықтимал ақаулар және оларды жою тәсілдері 12
Тозған аспапты кәдеге жарату 13

Бұйым еуропалық стандарттарға сәйкес өндірілген және CE, TŰV , ISO 9001, EAC сертификатталған.

Өндіруші өнімнің сипаттамаларын жақсарту мақсатында оның конструкциясына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

KZ Қолдану жөніндегі нұсқаулық

ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ*

Жеткізу жиынтығына мыналар кіреді:

1. Ауа сорғыштың корпусы - 1 дана
2. Қайтармас клапаны бар өтпелі ернемек - 1 дана
3. Ауа сорғышты аспалы шкафқа бекіту жиынтығы бар қаптама - 1 дана
4. Қолдану жөніндегі нұсқаулық - 1 дана.

*Жиынтықталым алдын ала мәлімдеусіз өзгертілуі мүмкін

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Модель:	Kamilla 600 3Р	Kamilla 600 2 мотор	Kamilla 600 1 мотор	Kamilla 500	Kamilla 450	Kamilla power 600 inox 3Р
Габариттік өлшемдері, мм:						
Ауа сорғыштың ені	600	600	600	500	450	600
Ауа сорғыштың ұзындығы (тереңдігі)	305-420	305-420	305-420	305-420	305-425	325-495
Ауа сорғыштың биіктігі (мин-макс)	175	175	175	175	174	260
Желідегі кернеу / Жиілігі	220-240 В~ / 50 Гц					
Тұтынылатын қуат, Вт:						
Қозғалтқышы	2x90	2x90	1x110	1x110	1x110	1 x 210
Шамдар	2x28	2x28	2x28	1x28	1x28	2 x 50
Желдету жылдамдықтарының саны:	3	3	3	3	3	3
Басқарылуы:	Электрондық	Батырмалық	Батырмалық	Батырмалық	Батырмалық	Электрондық
Таймердің бар-жоғы:	бар	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	бар
Салмағы (нетто), кг	6,7	6,5	5,7	5,3	4,7	7,5

ТМ: KRONAsteel
КРОНАмаркт ГмбХ, Германия, Эшборн, 65760, Венче Билдинг, Мергенталераллее 10-12
Импорттаушы: «Сигма Трейд» ЖШҚ, 196607, Санкт-Петербург қ., Пушкин қ., Оранжерейная көш., 48-үй, лит. А, 38-офис

Назар аударыңыз! Ауа сорғышты жылдың суық мезгілінде қосар алдында бұзылуды болдырмау үшін, оны қаптамадан шығарылған түрінде бөлме температурасында кемінде 2 сағат ұстау қажет.

Бұйымды тұрмыстық мақсаттардан өзгеше мақсаттарда қолдануға жол берілмейді. Егер ауа сорғышты өзге мақсаттарда пайдаланса, жарақат алу және мүліктің бүліну қаупі бар және бұйымға кепілдік қолданылмайтын болады.

КЕПІЛДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУ ҚҰҚЫҒЫ

Кепілдік талоны бұйымды сатып алған күннен бастап 5 жыл ішінде оның тегін жөнделуіне құқық береді және 2020 жылғы 01 наурызда сатып алынған KRONAsteel ауа сорғыштарындағы моторларға 2 жыл қосымша кепілдік береді. Кепілді қызмет көрсетілу құқығын растау үшін Сізден тауар чегін кепілдік талонымен бірге сақтауыңызды сұраймыз. Кепілдік талоны бұйымды сату күні міндетті түрде көрсетіліп толығымен толтырылып, онда сауда жасайтын ұйымның мөрі қойылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНУШЫ ҮШІН

Ауа сорғышты орнатар және пайдаланар алдында біздің ұсынымдармен мұқият танысып шығыңыз. Нұсқаулықта берілген ұсыныстарды орындау ауа сорғыштың сенімді жұмысын қамтамасыз етеді. Ауа сорғыштың барлық пайдаланушылары оны пайдалану ережелерін білуі тиіс. Осы нұсқаулықты тастамаңыз, себебі кейін ол Сізге қажет болып қалуы мүмкін, және одан өз сұрақтарыңызға жауап табасыз.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Осы асүй ауа сорғышы тек қана үй шаруашылығында пайдалануға арналған.

Бұйымның қызмет мерзімі – 7 (жеті) жыл.

Ауа сорғышты электр желісіне қосып, оның барлық функцияларын тексеру арқылы оның техникалық жарамдылығына көз жеткізбейінше, ауа сорғышты монтаждауды бастауға және тот баспайтын болаттан жасалған ауа сорғыштағы қорғаныш үлдірді алып тастауға болмайды («Ауа сорғышты орнату» бөлімін қараңыз).

Ауа сорғышыңызды орнату, қосу және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды өз қызмет бабында мұндай жұмыстарды орындаумен айналысатын білікті шеберлерге ғана сеніп тапсырған жөн. Ауа сорғышты орнатуды, қосу мен жөндеуді уәкілетті емес тұлғалардың орындауы жұмыс сапасының төмендеуіне және, соның салдарынан, бұйымның зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.

Өндіруші ауа сорғышты орнатуды, қосу мен жөндеуді дұрыс орындамаумен байланысты кез келген зақымданулар мен бұзулар үшін жауапты болмайды.

Модельдің атауы және ауа сорғыштың ең маңызды техникалық сипаттамалары корпустың ішіндегі тақтайшада көрсетілген.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Көбінесе балалар электр аспаптарының қауіптілігін сезінбейді. Ауа сорғыш жұмыс істеп тұрған кезде балаларды қадағалап, олардың ауа сорғышпен ойнауына жол бермеңіз. Қаптау материалдарымен (полиэтилен үлдір сияқты) тұншығып қалуға болады. Оларды балалар жетпейтін жерде ұстаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Ауа сорғыш кернеуі 220-240 В~ болатын 50 Гц электр желісіне қосылады.

Электр тоғынан зақымдануды болдырмау үшін ауа сорғышты жерге тұйықталған розеткаға қосу қажет.

Бұл бұйым электр тоғынан зақымданудан қорғаудың 1-класына жатады.

Қуат номиналы ауа сорғыштың техникалық сипаттамаларында көрсетілгеннен асатын жарықтандыру шамдарын пайдаланбаңыз, өйткені қуаты көптеу шамдар электр тізбегіндегі әртүрлі зақымданулардың себебі болуы мүмкін.

Ауа сорғышты алюминийден жасалған май тұтқыш сүзгісіз пайдалануға тыйым салынады. Ауа сорғышты электр құрылғылардан бөлек басқа жылыту құрылғыларымен (газ, май, көмірлі пештері және т.б.) бір мезгілде пайдаланған кезде орынжайды қосымша желдету қажет болуы мүмкін.

Ауа сорғыш арқылы өтетін және атмосфераға шығарылатын ауа тек бөлек асүй желдету шахтасына ғана бұрылуы тиіс және түтіндікке немесе басқа құрылғылардан шығатын түтінді кетіруге пайдаланылатын өзге арнаға шығарылмауы тиіс.

Ауа сорғышты монтаждау кезінде ауаны желдету шахтасына бұру үшін диаметрі пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілгеннен аз болатын ауа өткізгішті пайдалануға болмайды. Бұл шығарылатын ауаға қосымша кедергі жасайды және шуыл мен дірілді арттырады, сондай-ақ мотордың қызып кетуіне әкеледі.

Ауа сорғышты электр плиталары үстінен кемінде 50 см биіктікте, ал газ жанарғылары үстінен - кемінде 65 см биіктікте орнату қажет.

Ауа сорғышты тазарту немесе жөндеу бойынша кез келген операцияға кірісер алдында электр желісінің кернеуін ажыратып қойыңыз.

Осы нұсқаулыққа сай (төменде қараңыз), көп рет қолданылатын алюминийден жасалған май тұтқыш сүзгілерді уақытылы жуып тазартып отырыңыз. Уақытылы жуылмаған сүзгілер ауа сорғыш жұмысының тиімділігін төмендетеді және оларда май мен шаң жиналуы салдарынан өрт шығуына себеп болуы мүмкін.

Тамақ өнімдерін тікелей ауа сорғыштың астында ашық отпен зарарсыздандырмаңыз. Бұл тазаланбаған алюминий май тұтқыш сүзгінің тұтануына әкелуі мүмкін.

Ыдыстағы ыстық майды қосулы плитаның үстінде қалдырмаңыз. Қызып кеткен май өздігінен тез тұтанады, бұл тазаланбаған алюминий май тұтқыш сүзгінің тұтануына әкелуі мүмкін.

Газ кемпіректерінің жалыны әрқашан ыдыспен жабылуы тиіс. Газ кемпіректерінің жалынынан қатты қызып кету ауа сорғышқа зиян келтіруі мүмкін.

Ауа сорғышты пәтерде өрт тұтану салдарынан пайда болған түтіндеуді азайту мақсатында қоспаңыз. Қосулы тұрған ауа сорғыш отқа қосымша күш тартады.

Кез келген тұтану жағдайында ауа сорғышты электр желісінен ажыратып, жалынға оттегінің баруына кедергі жасайтын тығыз материалмен жалынды жабыңыз, өрт сөндіру үшін ешқашан суды пайдаланбаңыз.

АУА СОРҒЫШТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Ауа сорғыштың сыртқы бөлігі мынадай құрамдас бөліктерден тұрады (1-сурет, 1а сурет):

1. Kamilla 600 3P ауа сорғышын басқару пульті.
2. Kamilla 450, Kamilla 500, Kamilla 600 ауа сорғыштары моторының жұмыс режимдерін ауыстырғыш.
3. Kamilla 450, Kamilla 500, Kamilla 600 ауа сорғыштарының шамдарын сөндіргіш.
4. Суырмалы панель.
5. Ауа сорғыш корпусының кіріктірілетін бөлігі.
6. Алюминийден жасалған май тұтқыш сүзгі.
7. Май тұтқыш сүзгінің ілмегі.
8. Жарықтандыру шамдарының қорғаныш әйнегі.

Алюминийден жасалған май тұтқыш сүзгіні шешіп алғаннан кейін ауа сорғыштың ішінен мынадай элементтерді көруге болады (2-сурет, 2а сурет):

1. Ішіне мотор мен қалақты аспап салынған мотор қорабы.
2. Монтаждау қорабы.
3. Жарықтандыру шамы.
4. Микроажыратқыш.

Микроажыратқыш ауа сорғышты пайдалануда қосымша ыңғайлықтар жасайды. Суырмалы панельді шеткі алдыңғы күйіне жылжытқан кезде ол ауа сорғышты Сіз осының алдында орнатқан желдету жылдамдығына қосады. Суырмалы панельді бастапқы күйіне қайтарған кезде ол ауа сорғышты сөндіреді.

Жеткізілетін бөлшектер:

1. Ауа сорғышты аспалы шкафқа бекіту жиынтығы (4 бұраншеге).



1-сурет. Kamilla 600 3P



1а сурет. Kamilla 500, Kamilla 600



2-сурет Kamilla 600 3P, Kamilla 600(2 мотор)



2а сур. Kamilla 600, Kamilla 500, Kamilla 450

2. Қайтармас клапаны бар өтпелі ернемек (3-сурет).



3-сурет

Ауасорғыштың қосымша керек-жарақтары:

1. Көмірлі акрил иіс тұтқыш сүзгі (жиынтыққа кірмейді) (4-сурет). Ауаны бөлмеде қайта айналдыру режимінде сүзгілеу үшін қолданылады. Көмірлі сүзгіні бөлшек сатушыдан сатып алуға болады.



4-сурет

АУА СОРҒЫШТЫ БАСҚАРУ

Осы нұсқаулықта қарастырылатын барлық ауа сорғыштардың 3-ші желдету жылдамдығы бар. Тамақ дайындау мен қуыру кезінде булану қаншалықты көп болатынына қарай, төмен, орташа немесе жоғары желдету деңгейін таңдай аласыз.

Ауаны неғұрлым тиімді тазарту үшін плита мен ауа сорғышты бір мезгілде қосыңыз. Бұл желдету процесін неғұрлым тиімдірек етеді. Сіз тамақ дайындауды аяқтағаннан кейін, ауа сорғыш біраз уақыт ішінде жұмыс істесін; осылайша сіз будан және жағымсыз иістен құтыласыз.

Kamilla 600 3P ауа сорғышының жұмыс режимдерін басқару

Ауа сорғышыңыздың беткі панелінде мотор мен жарықтандыру шамдарының жұмыс режимдеріне арналған электрондық ауыстырғыш орналасқан (5-сурет).

1. Бірінші жылдамдығын қосу / сөндіру.
2. Екінші жылдамдығын қосу / сөндіру.
3. Дисплей.
4. Үшінші жылдамдығын қосу / сөндіру.
5. Жарықтандыру шамдарын қосу / сөндіру.

5-сур.



Осы ауыстырғыштың көмегімен тиісті батырманы сәл басу арқылы Сіз ерікті тәртіппен мотордың үш жылдамдықтарының бірін қоса аласыз, жарықтандыруды қоса аласыз немесе **«Таймер»** функциясы іске қоса аласыз. Таңдалған жылдамдықтың нөмірі 3-дисплейде индикацияланады.

Істеп тұрған ауа сорғыштың **«Таймер»** функциясын активтендіру үшін Сіз таңдаған жылдамдықтың батырмасын басып екі секундтан астам ұстап тұру қажет. Таймердің қосылғанын дисплейдегі таңдалған жылдамдық нөмірінің жыпылықтап тұрған цифры білдіреді. Таймер қосылғаннан кейін 15 минуттан соң, ауа сорғыш автоматты түрде тоқтайды. Бұл функция тамақ дайындап болғаннан кейін асүйдің қалдық иісін кетіруге өте ыңғайлы.

Қарастырылатын электрондық ауыстырғыштың "**алюминий сүзгінің ластануын бақылау**" функциясы бар. Ауа сорғыш 60 сағат жұмыс істегеннен кейін дисплейде алюминий сүзгілерді тазалау қажеттілігі туралы ескертетін **«С»** символы жыпылықтайтын болады. Алюминий сүзгілерді тазалағаннан кейін ("ауа сорғышқа қызмет көрсету және күтім жасау" тармағын қараңыз) және оларды ауа сорғышқа орнатқаннан кейін 1 батырмасын басып (5 сурет), 10 секундтай ұстап тұрыңыз. Содан кейін **«С»** символы өшеді, ал дисплейде ауа сорғыштың қайтадан қалыпты жұмыс істеуге дайындығын білдіретін **«Е»** символы пайда болады.

Осы ауыстырғыштың көмегімен еркін тәртіппен мотордың үш жылдамдығының бірін қоса аласыз. Жарықтандыру шамдарын мотор жұмысына қарамастан қосуға болады.

Kamilla 600, Kamilla 500 және Kamilla 450 ауа сорғыштарының жұмыс режимдерін басқару

Ауа сорғыш корпусының беткі панелінде, төменгі суырмалы панельді шеткі алдыңғы күйіне жылжытқаннан кейін, ауа сорғыштың жұмыс режимдерінің батырмалық ауыстырғыштары ашылады (5а сурет):

1. Мотор жұмыс режимдерінің үш позициялы ауыстырғышы:

1-ші жылдамдық (шуылы аз жұмыс);

2-ші жылдамдық (қарқынды дайындау).

2. «ТУРБО» мотор жұмыс режимдерінің екі позициялы ауыстырғышы:

3-ші жылдамдық (ең жоғары қуат).

3. Шамдарды сөндіргіш.

5а сурет.



Осы ауыстырғыштың көмегімен еркін тәртіппен мотордың үш жылдамдығының бірін қоса аласыз. Жарықтандыру шамдарын мотор жұмысына қарамастан қосуға болады.

АУА СОРҒЫШТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Асүй ауа сорғышы асүйден иістерді кетіруге арналған.

Асүй ауа сорғышы, оның орнатылуына қарай, екі режимде істеуі мүмкін:

- ауаны желдету шахтасына бұру режимі;
- қайта айналу режимі.

Ауаны желдету шахтасына бұру режимінде (3-сурет) ауа сорғыш гофрленген шланг немесе пластик ауа өткізгіш арқылы желдету шахтасына жалғанады. Осылайша, барлық асүй булары, иістері, ыс пен күйе, көп рет қолданылатын алюминийден жасалған май тұтқыш сүзгілер арқылы өтіп, бөлменің шегінен тыс шығарылады. Осы жұмыс режимінде көмірлі акрил иіс тұтқыш сүзгілерді орнатудың қажеті жоқ. Бұру режимі ең тиімді болып табылады, себебі ауа сорғыш барлық асүй буларын асүй шегінен тыс желдету шахтасына кетіреді.



3-сурет

Қайта айналу режимінде (4-сур. қараңыз) ауа сорғыш желдету шахтасына қосылмайды, және, осылайша, ауа жай ғана асүй ішінде ауа сорғыш арқылы айдалады.



4-сурет

Осы жұмыс режимінде ауа сорғышқа көмірлі акрил иіс тұтқыш бір реттік сүзгілер орнатылуы тиіс. Бұл сүзгілер ауа сорғыштың жиынтығына кірмейді және бөлек сатып алынады. Ауа сорғышты қайта айналу режимінде пайдалану оның өнімділігін төмендетеді.

Ауа сорғышты ауаны желдету шахтасына бұру режимінде пайдалануды ұсынамыз.

АУА СОРҒЫШҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Ауа сорғышты тазарту немесе жөндеу бойынша кез келген операцияға кірісер алдында электр желісінің кернеуін ажыратып қойыңыз.

Ауа сорғыштардың сырланған сыртын тазалау үшін бейтарап жуғыш құрал қосылған жылы суға жібітілген ылғалды матаны пайдаланыңыз. Болат, мыс және жез беттердің сыртын тазалау үшін тиісті нұсқаулықтарға сүйеніп арнайы құралдарды пайдаланыңыз. Ауа сорғышқа күтім жасау үшін құрамында хлор және қышқыл бар құралдарды, қажағыш құралдарды немесе бетті сыруы мүмкін жөкені ешқашан пайдаланбаңыз.

Алюминийден жасалған май тұтқыш сүзгі май бөлшектерін және ол арқылы өтетін ауа шаңын ұстаудан бітеледі.

Оны құрамында қышқыл жоқ құралдармен тазалау керек немесе ыстық суға алдын ала жібітіп алып, тиімді жуғыш құрал көмегімен немесе, егер мүмкін болса, ыдыс жуғыш машинада (65°C температурада) жуу керек. Қатты ластанған май тұтқыш сүзгілерді ыдыс жуғыш машинада ыдыс-аяқпен бірге жумау керек. Kamilla 450, 500 және 600 модельдерінде алюминий сүзгілерді 1,5-2 айда 1 рет мерзімділігімен, ал Kamilla 600 ЗР моделінде ауа сорғыш 60 сағат

істегеннен кейін тазалап отыру қажет, бұл туралы ауа сорғышты басқару пультінің дисплейіндегі тиісті сигнал еске салады (пульттің сипаттамасын «Ауа сорғышты басқару» тармағынан қараңыз). Май тұтқыш сүзгіні тазалаған кезде ауа сорғыш корпусының барлық қолжетімді элементтерін де тұнған майдан тазартыңыз.

Алюминий сүзгіні шешіп алу үшін (6-сурет) сүзгідегі серіппелі құлыпты басып, оны өзіңізге және төмен қарай тартып шешіп алу керек. Сүзгіні шешкен кезде сүзгінің алюминий бетін күш салып баспаңыз, өйткені бұдан оның беті майысып қалуы мүмкін, бұл өз кезегінде сүзгінің сыртқы түріне нұқсан келтіреді.

Сүзгі толық кеппейінше оны ауа сорғышқа орнатпаңыз. Сүзгіні орнату кері тәртіппен жүргізіледі. Сүзгідегі серіппелі құлыпты басып, сүзгіні орнына орнату керек, содан кейін құлыпты жіберуге болады.

Көмірлі сүзгілерді 5 айда 1 рет ауыстырып отыру керек. Оларды мотор қорабының қорғаныш торларына оларды сәл басып тұрып, сағат тілі бойынша бұра отырып орнатады. Көмірлі сүзгіні шешіп алу үшін, оны сәл басып тұрып сағат тіліне қарсы бұрау керек.

Жарықтандыру үшін ауа сорғыштарда қуаты 28 Вт, майшам түріндегі миньон типті қыздыру шамдары (түпшесі E14) пайдаланылады. Осы параметрлерге сәйкес келмейтін шамдарды пайдалануға тыйым салынады. Жарықтандыру шамдарына қол жеткізу үшін алюминий май тұтқыш сүзгіні шешіп алу қажет. Артқы бөлігіне жақындау жерде патрондар орналасқан, оларға моделіне қарай 1 немесе 2 жарықтандыру шамдары бұралған. Күйіп кеткен шамды ауыстыру үшін оны бұрап алып тастап, орнына жаңасын бұрап кіргізсе жеткілікті.

Шамдарды ауыстырғаннан кейін алюминий май тұтқыш сүзгіні орнына салыңыз.

Назар аударыңыз!
Шамдар қатты қызады, күйіп қалмау үшін шамдарды ауа сорғыш сөніп тұрған кезде ғана ауыстырыңыз



А сур.



В сур.

Шамдар мен сүзгілерді ауыстыру кепілдікті қызмет көрсетуге кірмейді.

Жарықтандыру шамдары тамақ дайындау кезінде пісіру бетін жарықтандыру қызметін атқарады және асүйді жарықтандыру ретінде ұзақ уақыт қосуға арналмаған. Жарықтандыру шамдарын ұзақ уақыт пайдалану шамдардың да, ауа сорғыштың өзінің де мерзімінен бұрын істен шығуына әкелуі мүмкін.

АУА СОРҒЫШТЫ ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Тек маман ғана ауа сорғышты орнатып электр желісіне қосуға құқылы.

Ауа сорғышты электр желісіне қосып, оның барлық функцияларын тексеру арқылы оның техникалық жарамдылығына көз жеткізбейінше, ауа сорғышты монтаждауды бастауға және тот баспайтын болаттан жасалған ауа сорғыштағы қорғаныш үлдірді алып тастауға болмайды.

Осы мақсатта ауа сорғыштың корпусын (1-сурет) оның төменгі суырмалы панелі алға қарай шеткі нүктесіне дейін оңай жылжи алатындай етіп, және ауа сорғыштың жұмыс режимдерінің ауыстырғыштары қолжетімді болатындай етіп орналастыру керек. Әрі қарай ауа сорғыш электр желісіне қосылады да тексеріледі.

Егер ауа сорғыш барлық режимдерінде ақаусыз жұмыс істеп тұратын болса, ауа сорғышты монтаждауға кірісуге болады. Егер олай болмаса, ауа сорғышты сатқан ұйымға немесе кепілдік шеберханасына жүгініңіз.

Тот баспайтын болаттан жасалған ауа сорғыштағы қорғаныш үлдірді ауасорғыш монтаждалып болғаннан кейін ғана алып тастаңыз.

Ескертеміз, ауа сорғышты электр плитасы үстінен орнату биіктігі кемінде – 50 см, ал газ плитасы үстінен – кемінде 65 см болуы тиіс.

Сіздің моделіңіз кіріктірілетін ауа сорғыштар класына жатады. Мұндай ауа сорғыштарды аспалы асүй шкафтарына монтаждаудың әртүрлі техникалық және дизайнерлік нұсқалары болуы мүмкін.

Түбегейлі болып табылатын шарттар:

- асүй ауа сорғышының көзге көрінетін бөлігі – ол оның төменгі суырмалы панелі мен корпустың төменгі бөлігі, ал ауа сорғыштың негізгі корпусы аспалы шкафта жасырылған;
- ауа бұру режимін таңдағаныңызға қарамастан, ауа сорғыштың шығыс тесігін өтпелі ернемек арқылы иілгіш ауа өткізгішке жалғап, ауаны шкаф арқылы жоғары қарай шығару (қайта айналу режимі) немесе желдету шахтасына жалғау (ауаны желдету шахтасына бұру режимі) қажет.

1. Ауа сорғыш корпусының жоғарғы бөлігінде пластик төлкелер салынған төрт тесік бар. Бұл тесіктер ауа сорғышты аспалы шкафқа бекіту үшін пайдаланылады (5-сурет).
2. Аспалы шкафқа тапсырыс бергенде, әдетте, жауып тұратын түбін сұрамайды, ал ортаңғы сөрені шкафтың төменгі шетінен жоғары қарай берілген биіктікке орналастырады, яғни ауа сорғыштың корпусы шкафтың ішінде көзден таса тұрады.
3. Ауа сорғыштың қаптамасында нұсқаулықпен бірге келетін шаблонның көмегімен шкафтың ортаңғы сөресінде бұраншегелер мен иілгіш ауа өткізгіш үшін тесіктер жасалатын нүктелер белгіленеді.
4. Иілгіш ауа өткізгішті шығару үшін шкаф төбесін де сол шаблонның көмегімен белгілейді.
5. Ортаңғы сөреде бұраншегелерге арналған тесіктер бұрғыланады, және бұдан басқа шкафтың ортаңғы сөресінде және төбесінде иілгіш ауа өткізгішке арналған тесіктер жасалады.

6. Ауа сорғышты шкафқа орналастырмас бұрын, қайтармас клапаны бар пластмасс өтпелі ернемекті ауа сорғыштың үстінен тиісті жеріне орнатыңыз. Иілгіш ауа өткізгіштің диаметрі 120 мм болатын бір ұшын (жиынтыққа кірмейді) түйісер жеріне алдын ала герметик жағып өтпелі ернемекке кигізіңіз де оны қамыттың (бөлек сатып алынады) көмегімен бекітіп қойыңыз.
7. Ауа сорғыш шкафтың ортаңғы сөресіне бұраншегелермен бекітіледі, сол кезде оның жоғарғы бөлігі шкафтың ішінде көзден таса тұрады.
8. Ауа сорғыш шкафқа монтаждалып болғаннан кейін, шкаф асүй қабырғасына ілінеді.

Электр желісіне қосу.

Ауа сорғыш кернеуі 220-240 В, 50 Гц электр желісіне қосылады.

Электр тоғынан зақымдануды болдырмау үшін ауа сорғышты жерге тұйықталған розеткаға қосу қажет.

Ауа сорғышты монтаждау кезінде айырды кесуге үзілді-кесілді тыйым салынады.
Электр сымы зақымдалған кезде оны ауыстыруды сервис қызметінің білікті маманы жүргізеді.

Ауа сорғышты желідегі кернеу ауытқуларынан қосымша қорғау мақсатында оны қосымша 6 А автоматты ажыратқышы арқылы қосуға кеңес береміз.

Ауа сорғыш орнатылды.
Қосыңыз да рахаттаныңыз.



5 сур.

KZ Қолдану жөніндегі нұсқаулық

АУА СОРҒЫШТЫҢ ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ	Электр қосылыстарды тексеріңіз	Мотордың қосылып тұрғанын тексеріңіз	Шам сөндіргішті тексеріңіз (қосулы болуға тиіс)	Алюминий сүзгіні тексеріңіз (1,5 - 2 айда 1 рет жуып отыру керек)	Розеткада кернеудің бар-жоғын тексеріңіз	Шамдарды тексеріңіз	Ауа шығару құбырын тексеріңіз (тартқыш күш болуы тиіс)	Көмірлі сүзгіні тексеріңіз (3 - 4 айда 1 рет ауыстырылады)
Ауа сорғыш жұмыс істемейді	●	●			●			
Шам жанбай тұр	●		●		●	●		
Ауа сорғыштың өнімділігі азайды				●			●	●
Ауа сорғыштың дыбысы қатты шығатын болады				●			●	
Қайта айналу режимінде ауа онша шығарылмайды				●				●

Егер Сіз проблеманы анықтай немесе жоя алмасаңыз, біздің Сервис Орталығымызға жүгінсеңіз болады. Бұл үшін модельдің атауын, зауаттық нөмірін (олар ауа сорғыш корпусының ішіндегі тақтайшада көрсетілген) және сатып алған күнін алдын ала жазып алыңыз, өйткені бұл мәліметтер Сервис Орталығына қажет болуы мүмкін.

KZ Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтары туралы ақпаратты **www.krona.ru** сайтынан немесе **Техникалық қолдау орталығының** телефондары арқылы білсеңіз болады:

8 495 797 85 46 (Мәскеу өңірінен қоңырау шалу үшін)

8 800 700 85 46 (РФ басқа өңірлерінен қоңырау шалу үшін)

ТОЗҒАН АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Тозған электр және электрондық аспаптарында көбінесе құнды компоненттер болады. Сонымен қатар аспаптардың материалдары құрамында техниканың жұмысы мен қауіпсіздігі үшін қажетті зиянды заттар бар. Тозған аспаптарды дұрыс пайдаланбаған кезде немесе олар тұрмыстық қоқыстың арасына түскен кезде, мұндай заттар адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан тозған аспаптарды кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаған жөн.



Тозған аспапты электр және электрондық аспаптарды қабылдау және кәдеге жарату орнына тапсыруға кеңес береміз.

Тозған аспап кәдеге жаратуға жіберілгенге дейін балалар жетпейтін орында сақталуы тиіс.

Бұйымды кәдеге жаратуға дайындау кезінде желілік айырды розеткадан суырып, желілік кабель мен айырды жарамсыз күйге келтіру керек (мысалы, кабельді кесіп тастаңыз). Осы арқылы асүй ауа сорғышын рұқсат етілмеген пайдалану мүмкіндігін жоясыз.

ӨНІМДІ СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген асүй ауа сорғыштары КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі» талаптарына сәйкес келеді.

EAC

САҚТАУ

Құрғақ жерде, жоғары температуралар көздерінен және күн сәулесі әсерінен аулақ сақтау қажет. Сақтау кезінде температуралардың күрт өзгеруінен сақтаңыз. Қаптамасыз сақтауға болмайды.

ТАСЫМАЛДАУ

Тасымалдау кезінде құлатып алуға және қаптамаға кез келген механикалық әсер етуге мүлде болмайды.